

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
ТАУАРЛАР МЕН ҚОРСЕТИЛЕТІН
ҚЫЗМЕТТЕРДІН САПАСЫ МЕН
ҚАУПСІЗДІГІН БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ
ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНЫң ТАУАРЛАР МЕН
ҚОРСЕТИЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІН САПАСЫ
МЕН ҚАУПСІЗДІГІН БАҚЫЛАУ
ДЕПАРТАМЕНТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ДЕПАРТАМЕНТ
КОНТРОЛЯ КАЧЕСТВА И БЕЗОПАСНОСТИ
ТОВАРОВ И УСЛУГ
ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА КОНТРОЛЯ КАЧЕСТВА И
БЕЗОПАСНОСТИ ТОВАРОВ И УСЛУГ
МИНИСТЕРСТВА ЗДРАВООХРАНЕНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

080012, Жамбыл облысы, Тараз қаласы,
Әйтеке би көшесі, 13
тел.: 8(7262) 45-08-83, факс 8 (7262) 45-08-83

080012, Жамбылская область, город Тараз,
улица Айтеке би, 13
тел.: 8(7262) 45-08-83, факс 8 (7262) 45-08-83

№

**Жамбыл облысының халқы арасында коронавирустық инфекция
ауруының алдын алу жөніндегі шараларды одан әрі қүшейту туралы
ҚАУЛЫ**

2020 жылғы "16" қазан

№ 38

Тараз қаласы

Мен, Жамбыл облысы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері Алибаева Салтанат Кордабаевна, Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексінің 9, 36-баптары, 38-бабы 1-тармағының 4) тармақшасы, 2-тармағының 3) тармақшасы, 102, 104, 107-баптары негізінде, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 25 ақпандағы № 130 «Пайдалу және таралу қаупі төнген кезде шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілетін инфекциялық аурулар тізбесін бекіту туралы» бұйрығы мен Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы «Қазақстан Республикасы аумағында шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» № 239 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің:

- 2020 жылғы 25 маусымдағы № 43 «Қазақстан Республикасының халқы арасында коронавирустық инфекция ауруының алдын алу жөніндегі шараларды одан әрі қүшейту туралы» (бұдан әрі – ҚР БМСД № 43 қаулысы);
- 2020 жылғы 27 шілдедегі № 46 «Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 26 маусымдағы № 43 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» (бұдан әрі – ҚР БМСД № 46 қаулысы);
- 2020 жылғы 14 тамыздағы № 47 «Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 26 маусымдағы № 43 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» (бұдан әрі – ҚР БМСД № 47 қаулысы);

- 2020 жылғы 15 тамыздағы № 48 «Карантиндік шектеу шаралары және оларды кезең-кезеңімен жөнілдету туралы» (бұдан әрі – КР БМСД № 48 қаулысы);

- 2020 жылғы 20 тамыздағы № 49 «Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулысына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы» (бұдан әрі – КР БМСД № 49 қаулысы);

- 2020 жылғы 28 тамыздағы № 50 «Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» (бұдан әрі – КР БМСД № 50 қаулысы);

- 2020 жылғы 16 қыркүйектегі № 53 «Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» (бұдан әрі – КР БМСД № 53 қаулысы) қаулыларына сәйкес, Жамбыл облысы бойынша қалыптастып отырған эпидемиологиялық жағдайды ескере отырып, халық арасында COVID-19 коронавирусты инфекция (бұдан әрі – COVID-19) жағдайларының тіркелуіне байланысты (2020 жылғы қазанда COVID-19 зертханалық расталған 25 жағдайы (U07.1) және вирустық пневмонияның 9 жағдайы (U07.2). Ауру 11 әкімшілік аумақтың 8-де тіркелген: Тараз қаласы – 14 (41,2%), Шу ауданы – 9 (26,5%), Қордай ауданы – 3 (8,8%), Рысқұлов ауданы – 3 (8,8%), Жамбыл ауданы – 2 (5,5%), Мойынқұм, Байзақ, Сарысу аудандары 1-ден (2,9%). 16.10.2020 жылға расталған және ықтимал жағдайларды тіркеу негізінде репродуктивті саны – 1,25), Жамбыл облысы тұргындары арасында коронавирустық инфекцияның одан әрі таралуынан сақтандыру мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Жамбыл облысы аумағындағы шаруашылық және (немесе) өзге де қызмет пен тұрғындардың өмір сүруінің ерекше жағдайларымен жағдай тұрақталғанға дейін шектеу іс-шараларын жүргізуі қамтамасыз етсін:

1) балалар мен ересектерге арналған ойын-сауық мекемелерінің (караоке, бильярд, компьютерлік клубтар, тұнгі клубтар, боулинг орталықтары, жабық үй-жайлардағы балалар ойын аландары мен аттракциондары, батуттар және басқалар), кинотеатрлардың (ашық ауадағы кинотеатрларды қоспағанда), букмекерлік кеңселердің жұмысына тыйым салу;

2) Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке құндері азық-түлік емес жабық азық-түлік базарларының, сауда үйлерінің, сауда-ойын-сауық орталықтарының, олардағы азық-түлік супермаркеттері мен дәріханаларды қоспағанда, жұмысына тыйым салу;

3) көпшілік іс-шараларды (мерекелік, спорттық-бұқаралық, ойын-сауық мәдени-бұқаралық іс-шараларды, форумдар, конференциялар, семинарлар, көрмелер және т.б.), отбасылық, естелік іс-шараларды (банкеттер, үйлену тойлары, мерейтойлар, еске алу) және адамдар көп жиналатын өзге де іс-шараларды, оның ішінде үйде өткізуге тыйым салу;

4) мал базарларының қалыпты режимдегі жұмысына тыйым салу, бұл ретте күштейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып, жеткізумен жұмыс істеуге рұқсат ету;

5) жерлеу іс-шараларын өткізу кезінде кемінде 2 метр қашықтықты сақтай отырып, 30-дан астам адамның (отбасы мүшелерінің) жиналудына жол бермеу;

6) ҚР БМСД № 47 қаулысының 2-қосымшасына сәйкес жеке қорғаныс құралдарын (маска) уақытында ауыстыра отырып пайдалану және кәдеге жарату алгоритмінің сақталудын және кемінде 2 метр әлеуметтік қашықтықтың сақталуды қамтамасыз ету;

7) жергілікті атқарушы, құқық қорғау органдарының, жедел және кезек күттірмейтін медициналық көмектің, мемлекеттік медициналық мекемелердің, санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің, өрт сөндірудің, авариялық-құтқару және авариялық-техникалық қызметтердің қызметкерлерін, сондай-ақ стратегиялық объектілер мен тыныс-тіршілікті қамтамасыз ету объектілерінің өндірістік процесін қамтамасыз ететін жұмыскерлерді қоспағанда, Жамбыл облысы елді-мекендерінің аумағы бойынша тұрғындардың жүріп-тұруын сағат 23:00-ден 06:00-ге дейін шектеу;

8) 65 жастан асқан адамдардың көшеге шығуын шектеу;

9) парктерге, аландарға, скверлерге және ойын-сауық объектілерінсіз халықтың өзге де демалыс орындарына 3 адамнан аспайтын топтармен немесе бір отбасы мүшелерімен әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып және жеке қорғаныс құралдарын (маскаларды) уақытында ауыстыра пайдаланып, кәдеге жарата отырып баруға рұқсат беру;

10) ҚР БМСД № 43 қаулысының талаптарын сақтай отырып (объект персоналы қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етілуі тиіс, персоналдың қолғапсыз, маскасыз жұмыс істеуіне жол берілмейді, келушілерге қолғапсыз және қорғаныш экрандарынсыз қызмет көрсету кезінде персоналдың (даяшылардың) жұмыс істеуіне жол берілмейді), ашық ауада және үй-жайда орналасқан қоғамдық тамақтандыру объектілерінің жұмыс режимін сағат 06.00-ден 22.00-ге дейін шектей отырып, салтанатты, отбасылық, естелік, ұжымдық және т.б. адамдар көп жиналуды мүмкін іс-шаралар өткізілмей, көрші үстелдердің шеткі орындары арасында кемінде 2 метр әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып, келушілердің отырғызу орындарының санына сәйкес бір уақытта болуымен залда 50-ден аспайтын отырғызу орындарын орната отырып, шектеу, жеткізумен жұмысқа рұқсат беру;

11) ҚР БМСД № 43 қаулысының талаптарын сақтай отырып, мемлекеттік органдардың (ұйымдардың, кәсіпорындардың), квазимемлекеттік сектор органдарының, ұлттық компаниялардың, мемлекет қатысатын өзге де ұйымдардың қызметін шектеу. Бұл ретте қызметкерлердің кемінде 50%-ы қашықтықтан жұмыс нысанына ауыстырылуы тиіс (штат кестесінде 30-дан астам қызметкер болған кезде);

12) қоғамдық көліктің, қала маңындағы жолаушылар поездары/электричка қозғалысының, қалааралық облысішлік автобус, шағын автобус тасымалдарының біркелкі қозғалыс кестесімен, отыратын орындардың саны бойынша толтырылатын, күшеттілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып, жұмысина рұқсат беру, көлікке жеке қорғаныс құралдарын (маска) пайдалана отырып, мінуге рұқсат ету. Әр

рейс алдында (мамандандырылған үйым немесе оқытылған персонал) автобустардың жуу және дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып, күнделікті өндөуді жүргізу;

13) ҚР БМСД № 47 қаулысының 6-қосымшасына сәйкес күшетілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып, тұрақты жұмыс орындары арасындағы алшақтығы кемінде 2 метр болатын ТЖО-ға 3 клиенттен аспайтын, сағат 06.00-ден бағтаң, сағат 22.00-ге дейін уақыт бойынша шектеумен халыққа байланыссыз қызметтер көрсету (автожуу, автомобильдерді, тұрмыстық техниканы жөндеу және басқалар) жөніндегі объектілердің қызметіне рұқсат етілсін;

14) мектепке дейінгі балалар мекемелеріндегі кезекші топтардың қызметіне 15 адамнан аспайтын топтардың жинақталуын сақтау кезінде, күшетілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып, ҚР БМСД № 43 Қаулысының 14-қосымшасына сәйкес рұқсат етілсін;

15) ҚР БМСД № 43 қаулысының талаптарын, күшетілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып, алдын ала жазылу бойынша балалар кабинеттерінін/түзету орталықтарының, балалар мен ересектердің білім беру орталықтарының қызметіне рұқсат етілсін;

16) ҚР БМСД № 47 қаулысының 5-қосымшасына сәйкес санитариялық нормаларға сәйкестік актісі (толтырылуы 50%-дан аспайтын) болған жағдайда ашық ауадағы аттракциондар қызметіне, күшетілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып рұқсат беру;

17) ҚР БМСД № 47 қаулысының 7-қосымшасына сәйкес, күшетілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып, сұлулық салондарының, шаштараздардың, СПА орталықтарының, косметологиялық қызмет көрсететін объектілердің қызметіне санитариялық нормаларға сәйкестік актісі болған кезде, клиенттердің алдын ала жазылу бойынша, келушілер толтырылуын залда 1 келушіге 4 ш.м. және оңтайлы жұмыс аймақтарының шекараларын белгілей отырып, креслолар арасында кемінде 2 метр қашықтықты сақтаған кезде рұқсат етілсін;

18) ҚР БМСД № 47 қаулысының 16-қосымшасына сәйкес, күшетілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып, қоғамдық моншалардың, сауналардың жұмысына санитариялық нормаларға сәйкестік актісі болған жағдайда (1 келушіге 4 ш.м. есебінен толтырылуы 50%-дан артық емес) жұмыс режимін сағат 06.00-ден бағтаң 22.00 сағатқа дейін шектей отырып рұқсат етілсін;

19) ҚР БМСД № 47 қаулысы 8-қосымшасының талаптарын, күшетілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып, фитнес-орталықтардың, жаттығу залдарының (орталықтарының), спорттық-сауықтыру орталықтарының қызметіне алдын ала жазылу бойынша, бір келушіге 50%-дан артық емес және 5 ш.м. кем емес толтырылуын қамтамасыз ету кезінде рұқсат етілсін;

20) ұлттық құрама, клуб командалары үшін спорттық жаттығулар өткізуге, күшетілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай

отырып рұқсат беру (байланыссыз термометрия жүргізе отырып, спорттық базаларда тұрып, 30 адамнан артық емес);

21) әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып, ашық аудада (5 адамнан аспайтын) жеке және топтық жаттығулар өткізуге, күшеттілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып рұқсат беру;

22) 5 адамнан аспайтын жеке және топтық жаттығулар үшін спорт кешендерінің қызметіне, күшеттілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып рұқсат беру;

23) аймақтарға бөлу талаптарын және күшеттілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып, медициналық орталықтардың (жазба бойынша) қызметіне рұқсат беру;

24) аймақтарға бөлу талаптарын және күшеттілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып "Қазпочта" АҚ қызметіне рұқсат беру;

25) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің актісіне сәйкес уақыты мен саны бойынша шектеумен қаржы нарығы субъектілерінің қызметіне, күшеттілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып рұқсат беру;

26) ҚР БМСД № 47 қаулысының 17-қосымшасына сәйкес күшеттілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып, жобалық қуаттың 80% - нан аспайтын толуы кезінде туризм обьектілері мен халықтың тұруы бойынша қызметтер көрсету саласындағы ұйымдардың (қонақ үйлер, отельдер, демалыс үйлері, туристік базалар, санаторий-курорттық мақсаттағы обьектілер және т.б.) қызметіне рұқсат беру;

27) үздіксіз өндірістік циклі бар өнеркәсіп кәсіпорындарының; күшеттілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып, ашық аудадағы құрылыштардың жұмыстарының, ауыл және балық шаруашылығының, мал шаруашылығының қызметіне рұқсат беру;

28) бассейндердің қызметіне (жеке форматта, 1 келушіге су айнасының 5 ш.м. есебінен, алдын ала жазылу бойынша), күшеттілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып рұқсат беру;

29) мәдениет обьектілерінің (30-дан көп емес адамның қатысуымен жеке, топтық дайындықтар), кітапханалардың, музейлердің қызметіне, күшеттілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып рұқсат беру;

30) порталда тіркей отырып, 50%-дан аспайтын, бірақ 50 адамнан көп емес толымдылығын сақтай отырып, театрлардың қызметіне рұқсат беру InfoKazakhstan.kz, бетперде режимін, әлеуметтік қашықтықты сақтау және күшеттілген санитариялық-дезинфекциялық режимді, ҚР БМСД № 43 қаулысының талаптарын сақтау;

31) ҚР БМСД № 47 қаулысының 31, 38-қосымшаларына сәйкес, бетперде режимін және кемінде 2 метр қашықтықты сақтай отырып, 15 адамнан көп емес жеке және ұйымдастырылған топтар үшін экскурсиялық қызметке рұқсат бере отырып, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға

(мемлекеттік ұлттық табиғи парктерге, қорықтарға, резерваттарға және басқаларға) баруға, күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып рұқсат беру;

32) сыныптардағы балалар саны 15 адамға дейінгі контингенті 5-тен 180 адамға дейінгі мектептердің; ата-аналардың өтініші бойынша 15 баладан көп емес сыныптарды жинақтауды сақтаған кезде мектепалды, 1-4 сыныптардың білім алушыларына арнаған білім беру ұйымдарындағы кезекші сыныптардың жұмыс істеуіне, күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып рұқсат беру;

33) арнайы, мамандандырылған ұйымдардың, ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларға арналған арнайы мектеп-интернаттардың, оның ішінде ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жетім балаларға арналған, жалпы ұлғідегі мектеп-интернаттардың, дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттардың қызметіне, күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып рұқсат беру;

34) КР БМСД № 50 қаулысының 2-қосымшасына сәйкес алгоритмді, күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып, құндізгі режимде кеңестер (отырыстар) өткізуге (оларды қашықтықтан өткізу форматындағы мүмкіндер болмаған жағдайда) рұқсат беру;

35) бизнес-орталықтардың (сақтандыру компаниялары, адвокат қызметі, нотариус, бухгалтер және консалтинг, жылжымайтын мүлік жөніндегі агенттік, жарнама агенттіктері, сот орындаушылары және т.б.), айырбастау пункттерінің, ломбардтардың жұмысына, күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып рұқсат беру;

2. Жамбыл облысының әкімдігі, Тараз қаласының және аудандардың әкімдері және "Атамекен" ӨКП (келісім бойынша) келесіні қамтамасыз етсін:

1) осы Қаулының 1-қосымшасына сәйкес InfoKazakhstan.kz сайтынан электрондық форматта берілетін санитариялық нормаларға сәйкестік актісі негізінде объектілердің қызметін қайта бастау;

2) қоғамдық мониторинг мүмкіндігі үшін, санитариялық нормаларға сәйкестік актісін объектіге кіреберісте көрінетін жерге орналастыру;

3) шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді енгізу кезеңінде объектілердің жұмысына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптармен таныстыру үшін халықты, жеке және занды тұлғаларды InfoKazakhstan.kz сайтының жұмысы туралы ақпараттандыру;

4) кәсіпкерлердің бұзушылықтарды жою мен уақтылы шаралар қабылдау мақсатында карантин режимін бұзу фактілері мен шағымдарын орналастыру үшін InfoKazakhstan.kz сайтын пайдалану;

5) шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді енгізу кезеңінде объектілердің жұмысына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуына кәсіпкерлік субъектілерін тексеруді жүзеге асыратын инспекторлардың, аудиторлық ұйымдардың тізімін InfoKazakhstan.kz сайтына орналастыру;

6) кәсіпкерлік субъектілерінің InfoKazakhstan.kz сайтындағы объектінің паспортына келушілердің үй-жайларды жоспарланған толтыруы турали

мәліметтер (шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантин енгізу кезеңінде объектілердің қызметіне қойылатын талаптарға сәйкес 1 адамға белгіленген аланды ескере отырып анықталады және енгізіледі, ҚР БМСД № 43, ҚР БМСД № 47 қаулыларының қосымшаларында айқындалған) енгізу;

7) Қазақстан Республикасының және Жамбыл облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерлерінің қолданыстағы ережелеріне сәйкес шектеу іс-шараларының сақталуын күнделікті мониторингілеу және мобиЛЬДІ топтардың объектілерге Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүйелі тексерулер жүргізу.

3. Жамбыл облысының полиция департаменті келесіні қамтамасыз етсін:

1) қызметі рұқсат етілген объектілерде карантиндік шаралардың, санитариялық-дезинфекциялық режимнің сақталуын бақылауға әрекеттесу. Бұзушылықтар анықталғанда, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодекске сәйкес, тиісті әкімшілік шаралар қолдану.

4. Тараз қаласы мен аудандардың тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау басқармаларының басшылары келесіні қамтамасыз етсін:

1) Қазақстан Республикасы мен Жамбыл облысы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерлерінің қолданыстағы қаулыларының талаптарын сақтау;

2) тұрғындар арасында COVID-19 (U07.1) алдын-алу шаралары туралы түсіндіру жұмыстарын күшейту;

3) санитариялық-карантиндік талаптарды бұзғаны үшін әкімшілік шаралар қабылдау.

5. Жамбыл облысының ішкі саясат басқармасы, Тараз қаласы мен аудандардың әкімдеріне:

1) 2 күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілер арқылы қабылданған қосымша шектеулер туралы халықты хабардар ету;

2) төтенше жағдайлар және төтенше жағдайлар қызметтерінің барлық қажетті байланыстарын көрсете отырып, азаматтарға алдын-алу шараларын, шектеулер кезінде көшеде өзін-өзі ұстau ережелерін сақтау жөніндегі нұсқаулықты қоса алғанда, қабылданған қосымша шектеу шаралары туралы жадынамалар әзірлеу;

3) облыстың тұрғындары арасында COVID-19 тарапу қаупін барынша азайту және қабылданған шаралар туралы бұқаралық ақпарат құралдарында ақпараттық қолдауды жүзеге асыру.

6. Жамбыл облысы бойынша Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қолданыстағы нормативтік құқықтық актілері талаптарының орындалуын «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК-ның Жамбыл облысы бойынша филиалы қамтамасыз етсін.

7. Осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес Жамбыл облысы мен Тараз қаласының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерлері қаулыларының күші жойылды деп есептелсін.

8. Тараз қаласының және Жамбыл облысы аудандарының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерлері, орын алғып отырған эпидемиологиялық жағдайға байланысты, карантиндік шараларды күшету туралы шешімдер қабылдауға құқылы.

9. Қаулының орындалуы меншік түріне қарамастан барлық жеке және заңды тұлғалар үшін міндettі.

10. Осы қаулы барлық мұдделі ведомстволардың назарына жеткізіліп, халық, бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілер арқылы, ақпараттандырылсын.

11. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

12. Осы қаулы 2020 жылғы 19 қазанда сағат 00:00-ден бастап күшіне енеді, эпидемиологиялық жағдайға байланысты ұзартылуы және жеңілдетілуі мүмкін.

**Жамбыл облысының
Бас мемлекеттік
санитариялық дәрігері**



С. Алибаева

Жамбыл облысы Бас мемлекеттік
санитариялық дәрігерінің
2020 жылғы «16» қазандағы
№ 38 қаулысына
1-қосымша

**Шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді енгізу кезеңінде объектілердің
қызметін қайта бастау**

Қызмет түрлері	Объектілерге қойылатын талаптар	Объектінің іске қосу сипаты	Ескертпе
Мемлекеттік органдар (ұйымдар), ұлттық компаниялар, квазимемлекеттік сектор ұйымдары, бизнес-орталықтары және басқа да кеңселер	ҚР БМСД № 43 қаулысына 1-қосымша	Хабарлама	
Өнімнің бөлшек сауда объектілері, үйдің жанындағы дүкендер	ҚР БМСД № 43 қаулысына 5-қосымша	Хабарлама	
Тамақ өнімдерін көтерме және бөлшектеп сату объектілері (сауда базарлары) азық-түлік қоймалары	ҚР БМСД № 43 қаулысына 5-қосымша	Объектінің сәйкестігі туралы акт	Бару арқылы
Көтерме және бөлшек сауда объектілері (азық-түлік емес базарлары)	ҚР БМСД № 43 қаулысына 5-қосымша	Объектінің сәйкестігі туралы акт	Бару арқылы
Сауда алаңы 2000 шаршы метрден кем болатын бөлек тұрған дүкендер, сауда желілері	ҚР БМСД № 43 қаулысына 5-қосымша	Хабарлама	
Сауда алаңы 2000 ш.м астам болатын бөлек тұрған дүкендер	ҚР БМСД № 43 қаулысына 5-қосымша	Объектінің сәйкестігі туралы акт	Бару арқылы
Сауда алаңы 2000 ш.м астам болатын сауда ойын-сауық кешендері (орталықтары), сауда үйлері	ҚР БМСД № 43 қаулысына 5-қосымша	Объектінің сәйкестігі туралы акт	Бару арқылы
Онлайн сауда объектілері (интернет дүкендер, курьерлік қызметтер және т.б.)	ҚР БМСД № 43 қаулысына 1 және 5-қосымшалар	Хабарлама	
Автосалондар, автомобилдің қосалқы бөлшектері дүкендері және техникалық қызмет көрсету (вулканизация, автожуу) дөңгелек жөндеу станциялары)	ҚР БМСД № 43 қаулысына 6-қосымша	Хабарлама	
Қызмет көрсету саласы объектілері (сұлулық салондары, шаштараздар, косметологиялық қызмет көрсететін объектілер (алдын ала жазылу бойынша), химиялық тазалау, кір жуу орындары, ұйымдастыру техникасын жөндеу)	ҚР БМСД № 43 қаулысына 7-қосымша	Хабарлама	
Фитнес, спорт кешендері қызметін көрсету бойынша объектілер	ҚР БМСД № 43 қаулысына 8-қосымша	Хабарлама	
Халыққа қызмет көрсету (типографиялық	ҚР БМСД № 43	Хабарлама	

Қызмет түрлері	Объектілерге қойылатын талаптар	Объектінің іске қосу сипаты	Ескертпелер
қызмет көрсететін объектілер, тігін ательесі, аяқ киім шеберханалары, аяқ киім, киім жөндеу сервисі) бойынша объектілер және өзге де объектілер	қаулысына 10-қосымша		
Халықта тұру бойынша қызмет көрсету саласындағы объектілер (қонақйылар, отельдер)	ҚР БМСД № 43 қаулысына 11-қосымша	Хабарлама	
Әуежайлардың және теміржол вокзалдар	ҚР БМСД № 43 қаулысына 12-қосымша	Объектінің сәйкестігі туралы акт	Баруымен
Маусымдық ауыл шаруашылығы дала жұмыстарына, табигат қорғау, ветеринариялық, ауыл шаруашылығы іш-шараларына тартылған ұйымдар мен қызметкерлердің қызметі оның ішінде ара шаруашылығы	ҚР БМСД № 43 қаулысына 13-қосымша	Хабарлама	
Мектепке дейінгі балалар ұйымдары	ҚР БМСД № 43 қаулысына 14-қосымша	Хабарлама	
Қоғамдық көлік	ҚР БМСД № 43 қаулысына 15-қосымша	Хабарлама	
Жолаушыларға арналмаған жүк тасымалы, көліктік-экспедиторлық тасымалдау	ҚР БМСД № 43 қаулысына 1 және 25-қосымша	Хабарлама	
СПА, массаж салондардың, моншалардың, сауналардың қызметі	ҚР БМСД № 43 қаулысына 16-қосымша	Хабарлама	
Санаториялық-курорттық мақсаттағы объектілерге, демалыс үйлері, туристік базалар	ҚР БМСД № 43 қаулысына 17-қосымша	Хабарлама	
Білім беру, түзету орталықтарының қызметіне	ҚР БМСД № 43 қаулысына 19-қосымша	Хабарлама	
Тамақ өнеркәсібі объектілер	ҚР БМСД № 43 қаулысына 25-қосымша	Хабарлама	
Қоғамдық тамақтану объектілері (білім беру объектілеріндегі тамақтануды қоспағанда)	ҚР БМСД № 43 қаулысына 21-қосымша	Хабарлама	
Ұйымдастырылған ұжымдардағы, ас блоктарындағы қоғамдық тамақтану объектілері (білім беру және тәрбиелеу ұйымдарындағы қоғамдық тамақтану объектілерін қоспағанда)	ҚР БМСД № 43 қаулысына 21-қосымша	Хабарлама	
Тамақ жеткізуді жүзеге асыратын қоғамдық тамақтандыру ұйымдары	ҚР БМСД № 43 қаулысына 22-қосымша	Хабарлама	

Қызмет түрлері	Объектілерге қойылатын талаптар	Объектінің іске қосу сипаты	Ескертпе
Пенитенциарлық (қылмыстық атқару) жүйедегі мекемелер	ҚР БМСД № 43 қаулысына 24-қосымша	Объектінің сәйкестігі туралы акт	Баруымен
Өнеркәсіптік кәсіпорындар мен өндірістік объектілер, оның ішінде вахталық әдіспен жұмыс істейтін өндірістік объектілер, қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы объектілер	ҚР БМСД № 43 қаулысына 25-қосымша	Хабарлама	
Медициналық-әлеуметтік объектілер (карттар, мүгедектер үйлері, сәбілер үйлері және басқалары)	ҚР БМСД № 43 қаулысына 26-қосымша	Хабарлама	
Өнеркәсіптік және индустримальық кәсіпорындар құрылыш компаниялары (құрылыш салушылар)	ҚР БМСД № 43 қаулысына 28-қосымша	Хабарлама	
Маусымдық далалық ауыл шаруашылығы жұмыстарына тартылған объектілер мен үйімдар	ҚР БМСД № 43 қаулысына 13-қосымша	Хабарлама	
Автожанармай құю станциялары және ЖЖМ көтерме сату орны	ҚР БМСД № 43 қаулысына 1 және 5-қосымшалар	Хабарлама	
Фимараттарға қызмет көрсету объектілері (лифт, күзет қызметтері, фимараттарға қызмет көрсету үйімдары және т. б.)	ҚР БМСД № 43 қаулысына 1-қосымша	Хабарлама	
Коммуналдық шаруашылық объектілері	ҚР БМСД № 43 қаулысына 25-қосымша	Хабарлама	
Денсаулық сақтау объектілері (стоматологиялық клиникаларды қоспағанда)	ҚР БМСД № 43 қаулысына 2, 31 және 34-қосымшалар	Хабарлама	
Стоматологиялық клиникалар	ҚР БМСД № 43 қаулысына 29-қосымша	Хабарлама	
Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы объектілер (дәріханалар, фармацевтикалық компаниялар)	ҚР БМСД № 43 қаулысына 5-қосымша	Хабарлама	
Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы объектілер (фармацевтикалық өндірістер)	ҚР БМСД № 43 қаулысына 25-қосымша	Хабарлама	
Экскурсиялық қызметті жүзеге асыратын объектілердің кеңселері (туристердің үйімдастырылған топтары үшін экскурсиялар үйімдастыру)	ҚР БМСД № 43 қаулысына 1-қосымша	Хабарлама	
Ашық ауадағы аттракциондар	ҚР БМСД № 43 қаулысына 1-қосымша (II бөлім)	Хабарлама	

Қызмет түрлері	Объектілерге қойылатын талаптар	Объектінің іске қосу сипаты	Ескертпі
Қаржы нарығы объектілерінің қызметі	ҚР БМСД № 43 қаулысына 1-қосымша	Хабарлама	
Мәдениет объектілері (30 адамға дейін жеке және топтық дайындықтар)	ҚР БМСД № 43 қаудысына 9-қосымша	Хабарлама	
Спорт объектілері (30 адамға дейінгі топтар үшін оқу-жаттығу процесін өткізу)	ҚР БМСД № 43 қаулысына 8-қосымша	Хабарлама	

Жамбыл облысы Бас мемлекеттік
санитариялық дәрігерінің
2020 жылғы «16» қазандағы
№ 38 қаулысына
2-қосымша

**Жамбыл облысы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің күшін жойған
қаулылар тізімі:**

1. 2020 жылғы 14 тамыздағы № 32 «Жамбыл облысы аумағында шектеу іс-шараларын кезең-кезеңмен әлсірету туралы»;
2. 2020 жылғы 24 тамыздағы № 33 «Жамбыл облысы аумағында шектеу іс-шараларын кезең-кезеңмен әлсірету туралы»;
3. 2020 жылғы 31 тамыздағы № 34 «Жамбыл облысы аумағында шектеу іс-шараларын кезең-кезеңмен әлсірету туралы»;
4. 2020 жылғы 17 қыркүйектегі № 35 «Жамбыл облысы аумағында шектеу іс-шараларын кезең-кезеңмен әлсірету туралы»;
5. 2020 жылғы 5 қазандағы № 36 «Жамбыл облысы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»;
6. Тараз қаласы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 10 қазандағы № 2247 «Тараз қаласы аумағында объектілердің қызметін шектеу бойынша карантиндік іс-шараларды күшейту туралы».